

## Кредиттеу жөніндегі құжаттамасын жүргізу ережесін бекіту туралы

### Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 23 ақпандығы № 49 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 5 сәуірдегі Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 4602 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы № 257 қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.10.2018 № 257 (01.01.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. Қаулының атауына өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.07.16. N 209 (ҚР ӘМ мем. тіркеуден өткізілген күннен бастап 14 күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Екінші деңгейдегі банктердің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық кесімдерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Кредиттеу жөніндегі құжаттамасын жүргізу ережесі осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақта өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.07.16. N 209 (ҚР ӘМ мем. тіркеуден өткізілген күннен бастап 14 күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес нормативтік құқықтық кесімдердің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы 2007 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі.

4. Банктерді қадағалау департаменті (Раева Р.Е.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) осы қаулыны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде

мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күн мерзімінде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, Қазақстан Республикасының екінші

денгейдегі банктеріне және Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастыры" Занды тұлғалар бірлестігіне жіберсін.

5. Халықаралық қатынастар және жүртшылықпен байланыс бөлімі

(Пернебаев Т.Ш.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е.Л.Бахмутоваға жүктелсін.

Төраға

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының  
Басқармасының  
2007 жылғы 23 ақпандығы  
N 49 қаулысына  
1 қосымша

## **Кредиттеу жөніндегі құжаттамасын жүргізу ережесі**

**Ескерту.** Ереженің атауына өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.07.16. N 209 (ҚР ӘМ мем. тіркеуден өткізілген күннен бастап 14 күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Осы Кредиттеу жөніндегі құжаттаманы жүргізу ережесі "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" (бұдан әрі – Занд) 1995 жылғы 31 тамыздағы, "Қаржы нарығы мен қаржы үйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес кредиттік тәуекелді басқару жүйесін жетілдіру мақсатында әзірленді және банктік қарыз операцияларын жүзеге асыруға лицензиясы бар банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын үйымдардың, екінші деңгейдегі банктердің, оның ішінде ислам банктері мен "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамының (бұдан әрі – банк) кредиттеу жөніндегі құжаттаманы жүргізу тәртібін және қажетті құжаттар тізбесін айқындайды.

**Ескерту.** Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2014 № 242 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

### **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Ережелердің мақсаттары үшін мынадай үғымдар пайдаланылады:

1) агент-банк – банк синдикатының мүшелері өзінің мұддесін көздеуді тапсыратын, сондай-ақ синдицилденген заемға қатысты оның барлық қолданыс мерзімі ішінде кредиттік басқару жөніндегі қызмет көрсетуді тапсыратын банк;

1-1) банктердің синдикаты – бірлескен кредиттік операцияларды жүргізу мен банк синдикатына кіретіндердің заңдық және қаржылық дербестігін сақтап, заемшының төлем қабілетсіздігі жағдайында әр қатысуши үшін ықтимал шығындарды төмендету мақсатымен біріктірілген екі және одан астам банктер;

1-2) заемшы – заем (кредит) шартына қол қоятын, заем (кредит) алған және алынған қаражатты қайтару мен алынған заемды (кредитті), оның ішінде сыйақы мен кредит бойынша басқа төлемдерді толық төлеу бойынша өзіне міндеттемелерді қабылдайтын жеке немесе заңды тұлға;

1-3) инвестициялық заем (кредит) - бұл мынадай талаптарға сәйкес келетін заем (кредит):

заем мерзімі бес және одан астам жылдар;

заем шартының талаптарымен мерзімнен бұрын толық өтеуге тыйым салу белгіленген. Заемның ішінәра өтелуі заемшының бизнес-жоспарында белгіленген мерзімде және тәртіпте жүзеге асырылуы мүмкін;

материалдық өндірісті, өндірістік және көлік инфрақұрылымын құруға, кеңейтуге және жетілдіруге бағытталған кешенді іс-шараларды іске асыруды қарастыратын заңды тұлғаға оның бизнес-жоспарына сәйкес беріледі;

1-4) ислам банкі - уәкілетті операциялық лицензиясы негізінде, осы Заңның 4-1- тарауында көзделген банк қызметін жүзеге асыратын екінші деңгейдегі банк;

2) кредит (заем) - банктің заем, лизинг, факторинг, форфейтинг операцияларын, осы Заңның 52-5-бабының 1-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген операцияларын ислам банктерінің жүзеге асыруы, сондай-ақ вексельдердің есебін жүргізуі (банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын және банктік заемдық операцияларын жүргізуге лицензиясы бар ұйымдар үшін, кредитті банктік заемдық операцияларын жүзеге асыру деп түсіну керек) жүзеге асыру;

3) кредит беру туралы шарт (банктік заем шарт) - банктің заем, лизинг, факторинг, форфейтинг, есебін жүргізу операцияларын жүзеге асыру шенберінде кредит беру шарты, сондай-ақ ислам банкінің:

банктік заем операцияларын: мерзімділік, қайтарымдылық шарттарымен және процент түрінде сыйақы төлеусіз ақшалай нысандағы кредиттер беруді;

коммерциялық кредитті беріп, сауда делдалы ретінде сауда қызметін қаржыландыруды;

заңды тұлғалардың жарғылық капиталында қатысу жолымен және (немесе) серікtestік талаптарымен өндіріс және сауда қызметін қаржыландыруды;

лизинг (жалға алу) талаптарымен инвестициялық қызметті жүзеге асыру шенберінде жасаған шарты;

4) кредит бойынша сыйақы - берілген кредиттің негізгі кредит сомасына қатысына қарай банкке тиесілі ақшаның жылдық мөлшерінен есептеп шығарылған, процентпен көрсетіліп белгіленген не ислам банкінің коммерциялық кредитті беруі кезіндегі тауардың ұстеме бағасы түріндегі ақысы;

5) кредиттік желі - банктің қарыз алушыға кредит алу уақытын өзі белгілеуге мүмкіндік беретін талаптар негізінде, бірақ кредиттеудің мұндағы формасы үшін банктің ішкі кредиттік саясатымен және шартпен белгіленген сома және уақыт шегінде заемшыны кредиттеу міндеттемесі;

6) кредитті өтеу - кредиттің және сол бойынша сыйақы мөлшерлемесі (ислам банкінің коммерциялық кредитті беруі кезіндегі ұстеме бағаның мөлшері) сомасының қайтарылуы;

7) кредит сомасы - банктің кредитке берген ақша сомасы;

8) кредиттік скоринг - заемшыны жеке тұлғаның кредит алу қабілетін сапалық және сандық сипатқа негізделген математикалық немесе статистикалық моделдің көмегімен, не оның ішінде заемшының тұрақты және жеткілікті кірісін, жұмыс орнының және қызметін, ағымдағы кәсібі бойынша жұмыс ұзақтығын, кепіл түріндегі қолайлы жылжымайтын мүлікті, оның ішінде басқа банктер алдындағы несиелік берешекті, банктердің кредиттері бойынша кредит беру жөніндегі төлем тәртібін, кредиттік тарихты қосқандағы бағалау жүйесі;

9) кредиттің шарттары - кредит беру шарттары, бұған сыйақының мөлшері, қарыз алушының міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету туралы шарттар, кредитті өтеу мерзімі, сондай-ақ осыларға сәйкес әрбір жеке кредит бойынша тәуекелді төмендетуге бағытталған айрықша шарттар жатады;

9-1) синдицилденген заем – банктер синдикатының қатысуышылары болып табылатын екі және одан астам банктермен бірігіп қалыптастырылған және заемшыға (байланысты заемшылар тобына) бір заем шарты негізінде ( қажеттілігіне қарай және басқа құжаттарды қоса беріп) берілген заем;

10) тұтынушы кредиті - кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес жеке тұлғаларға тауарларды, жұмысты және қызмет көрсетуді сатып алуға берілген кредит;

10-1) тең заемши – заемшымен бірге заем (кредит) шартына қол қоятын және заем (кредит) шарты бойынша алынған қарожатты қайтару және алынған заемды (кредитті), оның ішінде сыйақы мен кредит бойынша басқа төлемдерді толық төлеу бойынша міндеттемелерді орындауға ортақ жауапты ретінде тұратын жеке немесе заңды тұлға;

11) уәкілдегі орган - қаржы нарығы мен қаржы үйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау мен қадағалауын жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.07.16. N 209 (КР ӘМ мем. тіркеуден өткізілген күннен бастап 14 күн откеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2008.10.02 N 144, 2009.04.29 N 91, 2011.02.28 № 18 (қолданысқа енгізілу тәртібін 12-тармақтан қараңыз), 16.07.2014 № 145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

2. Банк кредит беруді өзінің ішкі кредиттік саясаты туралы ережелерге және заем операцияларын өткізу дің жалпы ережелеріне сәйкес жүзеге асырады.

Банктің талап ету құқығы болған немесе құқығы бар әрбір кредит бойынша құжаттаманың есебі кредиттің түріне, заемшының санатына, талап ету құқын иелену әдісіне қарамай осы Ережелерге сәйкес жүргізіледі.

2-1. Ислам банкі кредит беруді ислам банкінің ішкі кредиттік саясаты туралы ережеге және ислам банкінің операцияларды жүргізуінің жалпы талаптары туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Ислам банкі кредиттеу жөніндегі құжаттаманы осы Заңда көзделген банк қызметін өздерінің жүзеге асыру ерекшеліктерін ескере отырып, осы Ережелерге сәйкес жүргізеді.

**Ескерту. 2-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.29 N 91 Қаулысымен.**

3. Кредит беру, кепіл, талап ету құқықтарын беру немесе кредит бойынша борышты аудару туралы шарттардың, оларға қосымша келісімдердің және банк банктің уәкілетті органы бекіткен шарттың үлгі нысанын қолданусыз не банктің уәкілетті органы бекітүсіз осындай үлгі нысанды өзгертумен кредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындаумен байланысты жасалатын шарттардың түпнұсқаларына (бұдан әрі - шарттардың түпнұсқалары) банктің заң қызметі басшысының (банктің филиалында - банк филиалының заңгерінің) қолы қойылады және тараптардың қолы қойылады және қарыз алушы - заңды тұлғаның мөрімен және банктің мөрімен (ол болған кезде) расталады.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - КР Ұлттық Банкі Басқармасының 25.02.2015 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

3-1. Алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2011.02.28 № 18 (қолданысқа енгізілу тәртібін 12-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

3-2. Алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2011.02.28 № 18 (қолданысқа енгізілу тәртібін 12-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

4. Алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.11.30 N 241 Қаулысымен.

## **2-тaraу. Берілген кредит бойынша құжаттама жүргізу тәртібі**

5. Берілген әрбір кредит бойынша банктің досьесі арналуға тиіс, ол кредит беру туралы шарттына қол қойылған немесе оны бекіткен күні ашылып, осы Ережелерде көзделген жағдайларды қоспағанда, қолданылуы тоқтатылған сәтте ғана жабылады.

6. Банк мынадай талаптар:

Қазақстан Республикасының аумағындағы банктің үй-жайында орналасқан, шарттардың түпнұсқаларын, кепіл берушінің кепілге салынған мүлікке меншік құқығын (шаруашылық жүргізу, оперативті басқару құқығын) растайтын құқық белгілейтін құжаттардың түпнұсқаларын және банк қабылдаған қамтамасыз ету жөніндегі басқа да құжаттардың түпнұсқаларын сақтауға арналған банктің қоймаларына қойылатын;

шарттардың түпнұсқаларын, кепіл берушінің кепілге салынған мүлікке меншік құқығын (шаруашылық жүргізу, оперативті басқару құқығын) растайтын құқық белгілейтін құжаттардың түпнұсқаларын және банктің қоймасына сақтауға берілген банк қабылдаған қамтамасыз ету жөніндегі басқа да құжаттардың түпнұсқаларын сақтау мен есепке алу жөніндегі;

банктің басшы қызметкерлерінің санынан шарттардың, кепіл берушінің кепілге салынған мүлікке меншік құқығын (шаруашылық жүргізу, оперативті басқару құқығын) растайтын құқық белгілейтін құжаттардың түпнұсқаларын және банктің қоймасына сақтауға берілген банк қабылдаған қамтамасыз ету жөніндегі басқа да құжаттардың түпнұсқаларын сақтау мен есепке алу үшін жауапты тұлғалардың тізбесін бекіту жөніндегі талаптар бар, бірақ олармен шектелмейтін ішкі ережелерді өзірлейді және бекітеді.

Құжаттамасын сақтау талаптары осы Ереженің 29-тармағында көзделген синдикатталған зайдарды беру жөніндегі шарттарды қоспағанда, шарттардың түпнұсқалары Қазақстан Республикасынан тыс сақталуы мүмкін емес.

Кредиттік досьелерді жүргізу, сондай-ақ ондағы құжаттардың толықтығын осы Ережеге және банктің ішкі саясатына сәйкес қамтамасыз етуді банктің тиісті бөлімшесінің жауапты қызметкері жүзеге асырады.

Осы тармақта белгіленген талаптарды сақтауға жалпы бақылауды банктің басшы қызметкері жүзеге асырады.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда, өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.10.02 N 144, 2009.11.30 N 241 Қаулыларымен.**

7. Кредит досыесі жеке тарау бойынша қалыптасады. Әрбір кредит досыесінде кредит досыеде тұрған құжаттардың жеке тізбесі болуға тиіс. Кредит досыедегі құжаттар, ол жабылғаннан кейін нөмірленіп тігілуге тиіс.

8. Кредиттер бойынша кредиттік досыеде (оның ішінде бланктік), осы Ережелердің 9-тармағында көрсетілген кредиттер мен банкаралық кредиттердің қоспағанда мынадай негізгі құжаттары болуға тиіс (төмендегілермен шектелмейді):

1) кредитті пайдалану мақсаты мен ықтимал кепіл затының сипаты, заемшының банк алдындағы міндеттемелерін қамтамасыз ету үшін ұсынылатын басқа қамтамасыз етуі көрсетілген, заемшының қол қойған және кіріс құжаттамасының тіркелуін жүзеге асыратын банктің бөлімшесінде тіркелген етініші;

1-1) кірістің болуы не жоқтығы, жұмыс орны және лауазымы, ағымдағы кәсібі бойынша жұмыс істеуінің ұзақтығы, жылжымайтын және жылжымалы мүлкі, басқа банктер алдындағы несие берешегі туралы ақпаратты, дербес және байланыс ақпаратты қамтитын қарыз алушы жеке тұлға толтырған және қол қойған саулнама (егер ол кепіл ретінде берілген жағдайда);

2) заемшы заңды тұлғаның уәкілетті органының - заңды тұлғаның кредит алуға шешімі;

3) кепіл беруші уәкілетті органының - заңды тұлғаның заемшы міндеттерінің орындалуын қамтамасыз етуге кепіл затын беруге шешімі;

4) құрылтай құжаттарының немесе қарыз алушының жарғылық капиталындағы жай акцияларының (қатысу үлестерінің) соңғы меншік иегерлеріне дейінгі қарыз алушының жарғылық капиталындағы жай акцияларының (қатысу үлестерінің) он және одан астам пайызын иеленетін барлық үлес иегерлері туралы ақпаратты ашатын, қарыз алушының жай акцияларының бес және одан астам пайызын иеленетін акцияларды ұстаушылар тізілімінің көшірмелері (банкте көрсетілген құжаттар бар болған кезде – осындай құжаттардың көшірмелері);

5) заңды тұлғаның қол қою үлгілері және мөр бедері (бар болса) бар құжат, сондай-ақ қарыз алушы атынан кредиттік және кепіл құжаттарына қол қоюға уәкілетті тұлғаның өкілеттігін растайтын құжаттың көшірмесі (банкте аталған құжаттар бар болғанда – банк олардың қайта беруді талап етпейді);

6) түпнұсқасы банктің ішкі құжаттарында белгіленген талаптар мен тәртіpte банктің қоймасында сақталуға жататын, мәміле жасалғанын растайтын өзге құжаттың берілген кредиттік лимитімен, төлем карточкалары бойынша кредит беру туралы шарттың көшірмесі;

7) заемшының - заңды тұлғаның бизнес-жоспарының немесе кредит берудің техникалық-экономикалық негіздеудің түпнұсқасы;

8) заемши - занды тұлғаның салық декларациясының көшірмесі қоса берілген соңғы тоқсан мен соңғы есепті жылдағы қаржылық есебінің көшірмесі және/ немесе банктің заемши - занды тұлғаның соңғы есепті жылдағы қаржылық есептілікке қаржы жағдайына талдау жасауға мүмкіндік беретін веб-сайтта орналасқан ақпарат;

9) қызмет көрсететін банктің айдың басында және аяғында ақшаның кіріс және шығыс қалдықтары көрсетілген айналымдары туралы, тиісінше Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылатын заемшының - занды тұлғаның банктік шоты бойынша соңғы он екі айға анықтама;

10) заемшының бизнес-жоспарында белгіленген мақсаттар мен міндеттердің іске асыру мүмкіндігі туралы баға берілген және өтеу көздерін, сондай-ақ ақша ағынының көлемі мен мерзімдері айқындалған банктің кредиттік бөлімшесінің қорытындысын қоса отырып, банктің уәкілетті органы меншікті капиталының 0,02 пайыздан астам сомасына кредит беру туралы шешім қабылдайтын банктің тиісті бөлімшелерінің қорытындылары (сараптамалары);

кредиттік тәуекелді басқару жөніндегі және кепілмен жұмыс жөніндегі экономикалық қауіпсіздігі бөлімшесінің және заң бөлімшесінің қорытындылары (сараптамалары).

Банктің ішкі кредиттік саясаты банктің құрылымдық бөлімшелері, оның ішінде негізінде банктің уәкілетті органы кредит беру шартын өзгерту немесе меншікті капиталының 0,02 пайыздан төмен сомасына кредит беру туралы шешім қабылданатын сараптама (қорытындылар) жүргізуге талаптары көзделу тиіс.

Банктің уәкілетті органы көрсетілген қорытындылар (сараптамалар) негізінде кредит беру туралы немесе кредит беру туралы шарт талаптарына өзгерістер енгізу туралы шешім қабылдайды не кредит беруден немесе кредит беру туралы шарт талаптарына өзгерістер енгізуден бас тартады;

11) банктің уәкілетті органының арнайы есепке алу журналында тіркелген (нөмірі және шешімді қабылдау күні бойынша) кредит беруді (төлем карточкалары бойынша кредиттік лимитті белгілеу) мақұлдау жөніндегі банктің уәкілетті органының шешімінің тігілген, мөр басылған (ол болған кезде), әр парағы нөмірленген және электрондық түрде қайталанған көшірмесі немесе үзінді-көшірме;

12) кредитті және бірегей кредиттерді пайдалану мақсатын растайтын құжаттар, айналымдық капиталға берілген кредиттерді қоспағанда;

13) алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

14) занды тұлғаның - резидент еместің мәртебесін куәландыратын заемшының мемлекетінің (заемши Қазақстан Республикасының резиденті емес болған жағдайда) уәкілетті органы берген құжаттың көшірмесі;

15) шетел валютасында берілген кредиттер бойынша - қаржылық есептің және/немесе заемшының келіп түсетін түсімдердің валютасын және валюталық тәуекелді хеджирлеу құралдарын анықтауға мүмкіндік беретін басқа есептілігінің болуы;

16) заемшының (тең заемшының) - жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасымен салыстырып тексерілген, ол туралы белгісі бар көшірмесі;

17) қарыз алушының (тең қарыз алушының) - жеке тұлғаның еңбекақысын және (немесе) өзге де кірістерін көрсететін және растайтын құжаттар қарыз алушы өтініш жасаған қуннің алдындағы қатарынан алты айға. Білім беруді кредиттеу жүйесінің аясында берілген кредиттер бойынша аталған құжаттың болуы талап етілмейді;

18) алынып тасталды

19) заемшының (тең заемшының) кредиттік скорингін және кредит қабілеттілігін анықтайтын құжат;

20) кредиттік бюородан алынған заемши (тең заемши) бойынша кредиттік есеп;

21) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының қарыз алушы (тең қарыз алушы) - жеке тұлғаның жеке зейнетақы шотынан соңғы алты айға үзінді көшірмесі. Білім беруді кредиттеу жүйесінің аясында берілген кредиттер бойынша, сондай-ақ міндетті зейнетақы жарналарын төлеуден босатылғанын растайтын құжаттар болған кезде Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын төлеуден босатылған жеке тұлғалардың кредиттері бойынша осы құжаттың болуы талап етілмейді;

22) салық қызметінің органдары берген, банктің уәкілетті органының кредиттеуге берілген өтінімді қарau қуніне дейін қарыз алушы - занды тұлғаның салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша берешегінің болуын (болмауын) растайтын қарыз алушы - занды тұлғаның салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің болуы (болмауы) туралы мәліметтер және (немесе) салыстырып тексеру актісі;

23) кредиттік тарих субъектісінің ол туралы ақпаратты кредиттік бюроға ұсынуға келісімінің көшірмесі (оның түпнұсқасы банктің ішкі құжаттарында белгіленген талаптар мен тәртіпте банктің қоймасында сақталуы тиіс);

24) кредиттік тарих субъектісінің кредиттік есепті алушыға кредиттік есепті беруге келісімінің қөшірмесі (оның түпнұсқасы банктің ішкі құжаттарында белгіленген талаптар мен тәртіпте банктің қоймасында сақталуы тиіс).

Борышкердің бизнес-жоспары немесе кредиттің техникалық-экономикалық негіздеуі, немесе заемшының кредит қабілеттілігіне баға беруге мүмкіндік беретін басқа құжаттар, төмендегілермен шектелмей мынадай мәліметтерді қамтуға тиіс:

кредитті пайдалану мақсатын көрсетуімен қызметінің сипаты;  
заемшының өткізу рыноктары және маркетингтік стратегиясы;  
тәуекелдерді бағалау және оларды басқару;

жылдар бойынша жан-жақты қаржы жоспары (жылдар бойынша бизнес-жоспарын іске асырудағы қаржы көрсеткіштері және бизнес-жоспарды қаржыландыру көлемі мен инвестициялық кредитті өтеу) және шығыстар сметасы.

Үәкілетті орган белгілеген активтерді, шартты міндеттемелерді жіктеу және оларға қарсы провизиялар (резервтер) құру тәртібіне сәйкес заңды тұлғалардың бірыңғай кредиттер портфеліне енгізілген кредиттері бойынша досьеде осы тармақтың 1), 4) - 6), 11), 14), 18), 20), 22), 23), 24) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың, үәкілетті орган белгілеген активтерді, шартты міндеттемелерді жіктеу және оларға қарсы провизиялар (резервтер) құру тәртібіне сәйкес жеке тұлғалардың бірыңғай кредиттер портфеліне енгізілген кредиттері бойынша – осы тармақтың 1), 6), 11), 16), 18), 20), 21), 23), 24) тармақшаларында көрсетілген құжаттардың болуы міндетті. Аудит міндетті жүргізілетін қарыз алушыға берілген кредит бойынша кредиттік досьеге аудиторлық есеп қоса берілуге тиіс.

Овердрафт кредиттері және жеке тұлғаларға берілген, ұсынылған кредиттік лимитімен төлем карточкалары бойынша банк осы тармақтың 1), 6), 11), 12), 16)-21) тармақшаларында көрсетілген құжаттамамен досыні қалыптастырады. Бұл ретте овердрафт кредиттері және бірегей кредиттер үшін белгіленген сомада және талаптармен берілген кредиттік лимитімен төлем карточкалары бойынша кредитті қолдану мен заем ақшасын мақсатты қолданудың мониторингтік есептің мақсатын растайтын құжаттардың бар болуы талап етілмейді.

Бірыңғай кредиттер портфеліне бұрынырақ енгізіліп, кейіннен Агенттік Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктер үшін пруденциалдық нормативтер есеп айырысулатының нормативтік мәні мен әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2005 жылғы 30 қыркүйектегі N 358 қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3924 тіркелген) көзделген банктер үшін пруденциалдық нормативтер есеп айырысулатының әдістемесі бойынша үәкілетті органның талаптарына сәйкес бір заемшыға тәуекелді бағалау күніне есептелген, банктің меншікті капиталы шамасының 0,02 пайызынан

аспайтын лимитінен асып кетуіне байланысты шығарылған кредиттер бойынша мақсатты қолданылуын растау талап етілмейді.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - КР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.07.16 № 209 (КР ӘМ мем. тіркеуден өткізілген күннен бастап 14 күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), өзгерту енгізілді - 2008.10.02 № 144, 2009.02.27 № 22 (қолданысқа енгізу тәртібін 2-т. қараңыз), 2009.04.29 № 91, 2009.11.30 № 241, 2011.04.01 № 32 (қолданысқа енгізу тәртібін 3-тармақтан қараңыз), 2010.03.29 № 50 (қолданысқа енгізу тәртібін 2-т. қараңыз), 16.07.2014 № 145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.12.2014 № 242 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.02.2015 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен .

8-1. АгроОнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдинг осы Ереженің 8-тармағының 1), 7), 8), 17), 20), 21), 22), 23), 24) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды кредиттік досыеге құжаттарды қуәландыру өкілеттіктеріне ие тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасын пайдалана отырып "ҚазАгро" ұлттық басқарушы холдингі" АҚ ақпараттық жүйесінің порталы арқылы енгізеді.

Ескерту. 8-1-тармақпен толықтырылды - КР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2014 № 242 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9. Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берілген кредиттер бойынша кредит досыесінде мынадай құжаттар болуға тиіс:

1) кредитті пайдалану мақсаты мен ықтимал кепіл затының сипаты, заемшының банк алдындағы міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін ұсынылатын өзге де қамтамасыз етуі көрсетілген, заемшы қол қойған және кіріс құжаттамасының тіркелуін жүзеге асыратын банктің бөлімшесінде тіркелген өтініші;

2) қарыз алушының құрылтай құжаттарының (занды тұлға үшін) көшірмелері немесе жеке басын қуәландыратын құжаттың түпнұсқасымен салыстырылып тексерілген ол туралы белгісі бар құжаттың көшірмесі (жеке тұлға үшін). Банкте көрсетілген құжаттар болған жағдайда – осындай құжаттардың көшірмелері;

3) занды тұлғаның қол қою ұлгілері және мөр бедері (ол болған кезде) бар құжат, сондай-ақ қарыз алушы атынан кредиттік және кепіл құжаттарына қол қоюға уәкілетті тұлғаның өкілеттігін растайтын құжаттың көшірмесі (банкте аталған құжаттар бар болғанда – банк олардың қайта беруді талап етпейді);

4) түпнұсқасы банктің қоймасында банктің ішкі құжаттарында белгіленген талаптар мен тәртіpte сақталуға жататын кредитті беру туралы шарттың көшірмесі;

5) соңғы есепті жылдағы заемшы заңды тұлғаның қаржылық есеп беруінің көшірмесі және/немесе заемшы заңды тұлғаның қаржылық жай-күйі туралы талдау жасауға мүмкіндік беретін WEB-сайттағы ақпарат;

6) алынып тасталды

7) кредиттік бюородан алынған заемшы (тең заемшы) туралы кредиттік есеп;

8) алынып тасталды

9) кредиттік тарих субъектісінің өзі туралы ақпаратты кредиттік бюроға беруге келісімінің көшірмесі (оның түпнұсқасы банктің ішкі құжаттарында бекітілген тәртіpte және шарттармен банк қоймасында сақталуы тиіс);

10) кредиттік тарих субъектісінің кредиттік есепті алушыға кредиттік есепті беруге келісімінің көшірмесі (оның түпнұсқасы банктің ішкі құжаттарында бекітілген тәртіpte және шарттармен банк қоймасында сақталуы тиіс);

11) заемшының бизнес-жоспарында белгіленген мақсаттар мен міндеттердің іске асыру мүмкіндігі туралы баға берілген және өтеу көздерін, сондай-ақ ақша ағынының көлемі мен мерзімдері айқындалған банктің кредиттік бөлімшесінің қорытындысын қоса отырып, банктің уәкілетті органы меншікті капиталының 0,02 пайыздан астам сомасына кредит беру туралы шешім қабылдайтын банктің тиісті бөлімшелерінің қорытындылары (сараптамалары);

кредиттік тәуекелді басқару жөніндегі және кепілмен жұмыс жөніндегі экономикалық қауіпсіздігі бөлімшесінің және заң бөлімшесінің қорытындылары (сараптамалары).

Банктің ішкі кредиттік саясаты банктің құрылымдық бөлімшелері, оның ішінде негізінде банктің уәкілетті органы кредит беру шартын өзгерту немесе банктің меншікті капиталының 0,02 пайыздан төмен сомасына кредит беру туралы шешім қабылданатын сараптама (қорытындылар) жүргізуге талаптары көзделу тиіс.

Банктің уәкілетті органы көрсетілген қорытындылар (сараптамалар) негізінде кредит беру туралы немесе кредит беру туралы шарт талаптарына өзгерістер енгізу туралы шешім қабылдайды не кредит беруден немесе кредит беру туралы шарт талаптарына өзгерістер енгізуден бас тартады.

**Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - КР Қаржы нарығын және қаржы үйімдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.07.16 N 209 (КР ӘМ мем. тіркеуден өткізілген күннен бастап 14 күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2008.10.02 N 144, 2009.04.29 N 91, 2009.11.30 N 241, 2011.02.28 № 18 (қолданысқа енгізілу тәртібін 12-тармақтан қараңыз), 2011.04.01 № 32 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз), 2010.03.29 № 50 (қолданысқа**

енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); 24.12.2014 № 242 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.02.2015 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

9-1. АгроОнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдинг осы Ереженің 9-тармағының 1), 5), 7), 9), 10) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды кредиттік досьеғе құжаттарды қуәландыру өкілеттіктеріне ие тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасын пайдалана отырып "ҚазАгро" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының ақпараттық жүйесінің порталы арқылы енгізеді.

**Ескерту. 9-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2014 № 242 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

10. Егер берілген кредит жылжымайтын мүлік түріндегі кепілмен қамтамасыз етілсе кредиттік досьеде осы Ереженің 8, 9-тармағында көрсетілген негізгі құжаттаманың тізбесіне қосымша мынандай құжаттар болуы тиіс:

1) түпнұсқасы банктің қоймасында банктің ішкі құжаттарында белгіленген талаптар мен тәртіpte сақталуға жататын мемлекеттік тіркелуі белгісімен жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы шарттың көшірмесі;

2) тәуелсіз бағалаушының кредитті беру сәтінде жылжымайтын мүлікті бағалау туралы (оның нарықтық құнын анықтайтын және дәлелдейтін) есебі, сондай-ақ банктің ішкі құжаттарында белгіленген талаптарға сәйкес жасалған банктің кепілді қамтамасыз ету жөніндегі қорытындысы;

3) жылжымайтын мүлікке құқықты растайтын, мемлекеттік тіркеу белгісі бар құжаттардың көшірмелері (жылжымайтын мүлікке құқықты растайтын құжаттардың түпнұсқалары банк қоймасында сақталуы тиіс);

4) неке туралы куәлігінің көшірмесі және заемшының - жеке тұлғаның ерінің (зайыбының) жылжымайтын мүлікті кепілге беруге және оны сottan тыс іске асыруға (Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда) келісімін растайтын құжат;

5) қорғаншы және қамқоршы органдарының жылжымайтын мүлікті кепілге беруге және оны иелігінен алуға рұқсат беруін (келісуін) растайтын құжат (егер жылжымайтын мүліктің иесі кәмелетке толмаған тұлғалар және сottta іс-әрекетке қабілетсіз (әрекет қабілеттілігі шектеулі) болып танылған тұлғалар болса);

6) барлық кәмелетке толған меншік иелерінің мүлікті кепілге беруге және оны сottan тыс іске асыруға келісімін растайтын нотариатта қуәландырылған құжат.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда, өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау**

агенттігі Басқармасының 2007.07.16. N 209 (КР ӘМ мем. тіркеуден өткізілген күннен бастап 14 күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2008.10.02 N 144, 2009.11.30 N 241 Қаулыларымен.

10-1. АгроОнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдинг осы Ереженің 10-тармағының 4), 5), 6) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды кредиттік досьеге құжаттарды куәландыру өкілеттіктеріне ие тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасын пайдалана отырып "ҚазАгро" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының ақпараттық жүйесінің порталы арқылы енгізеді.

**Ескерту. 10-1-тармақпен толықтырылды - КР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2014 № 242 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

10-2. Ипотекалық қарыздарды Ереженің 10-3-тармағында көзделген талаптар бойынша қайта қаржыландырылған кезде, жаңа кредиттік досье ашу талап етілмейді, бұл ретте қолданыстағы кредиттік досьеге мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) қарыз алушы (тең қарыз алушы) қол қойған және банктің кіріс құжаттамасын тіркеуді жүзеге асыратын бөлімшесінде тіркелген, ипотекалық қарызды қайта қаржыландыру туралы нұсқауы бар қайта қаржыландыруға өтініш ;

2) қарыз алушының (тең қарыз алушының), қарыз алушының (тең қарыз алушының) зайыбының (жұбайының) жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасымен салыстырып тексерілген, ол туралы белгісі бар көшірмесі;

3) қарыз алушының (тең қарыз алушының), қарыз алушының (тең қарыз алушының) зайыбының (жұбайының) 2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасында жылжымайтын мүлкінің болуы (болмауы) туралы мәліметтер (тиісті үәкілетті мемлекеттік органның анықтамасы);

4) түпнұсқалары банктің ішкі құжаттарымен белгіленген талаптармен және тәртіппен банктің қоймасында сақталуы тиіс қарыз беру туралы шарттың көшірмесі немесе банктік қарыз шартының қосымша келісімнің көшірмесі;

5) тәуелсіз бағалаушының қарызды беру сәтінде (оның нарықтық құнын анықтайтын және дәлелдейтін) жылжымайтын мүлікті бағалау туралы есебі, сондай-ақ банк жаңа қарызды берген кезде қарыздың қамтамасыз етуі болып табылатын жылжымайтын мүлікті қарыз алушы ауыстырған кезде ұсынылатын банктің ішкі құжаттарында белгіленген талаптарға сәйкес жасалған банктің кепілді қамтамасыз ету жөніндегі қорытындысы;

6) 2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қарыз алушыны (тең қарыз алушыны) халықтың әлеуметтік

осал топтарына жатқызылудын растайтын құжаттар (қарыз алушы (тең қарыз алушы) халықтың әлеуметтік осал топтарына жатқызылған жағдайда);

7) кредиттік тарих субъектісінің ол туралы ақпаратты кредиттік бюроға ұсынуға келісімінің көшірмесі (оның түпнұсқасы банктің ішкі құжаттарында белгіленген талаптар мен тәртіpte банктің қоймасында сақталуға тиіс);

8) кредиттік тарих субъектісінің кредиттік есепті алушыға кредиттік есепті беруге келісімінің көшірмесі (оның түпнұсқасы банктің ішкі құжаттарында белгіленген талаптар мен тәртіpte банктің қоймасында сақталуға тиіс);

9) банктің уәкілетті органының арнайы есепке алу журналында тіркелген (нөмірі және шешімді қабылдау күні бойынша) ипотекалық қарызды қайта қаржыландыруды мақұлдау жөніндегі банктің уәкілетті органының шешімінен үзінді-көшірме немесе тігілген, мөр басылған, әр парағы нөмірленген электронды түрде қайталанған көшірмесі.

**Ескерту. 10-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.04.2015 № 70 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

10-3. Осы Ереженің 10-2-тармағының мақсаттары үшін ипотекалық қарызды қайта қаржыландыру банктің ипотекалық қарызды өтеу үшін жаңа қарыз беруі немесе қарызды өтеу талаптарын жақсарту мақсатында мынадай талаптармен ипотекалық қарыздың талаптарын өзгертуі болып танылады:

1) қарыз алушы ипотекалық қарызды 2004 жылғы 1 қаңтар - 2009 жылғы 31 желтоқсан аралығы кезеңінде Қазақстан Республикасының банкінде және (немесе) ипотекалық ұйымында алған;

2) ипотекалық қарызды қайта қаржыландыру, 2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша негізгі борыш бойынша берешек қалдығы мынадай болады:

ұлттық валютамен (90 (тоқсан) күннен астам) мерзімі откен берешегі бар - 36 470 000,00 (отыз алты миллион төрт жүз жетпіс мың) теңгеден аспайтын, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын қарыз алушылар бойынша;

шетел валютасында - 2015 жылғы 1 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша 36 470 000,00 (отыз алты миллион төрт жүз жетпіс мың) теңгеден аспайтын теңге баламасында, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын қарыз алушылар бойынша;

ұлттық валютамен - 36 470 000,00 (отыз алты миллион төрт жүз жетпіс мың) теңгеден аспайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын қарыз алушылар бойынша;

3) ипотекалық қарыз қарыз алушы және оның жұбайы (зайыбы) үшін 2015 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының аумағында

жалғыз болып табылған тұрғын үй немесе жер участкесі түрінде кепілмен қамтамасыз етілген.

Тұрғын үйдің жалпы көлемі 120 (бір жүз жиырма) шаршы метрден аспайды.

Жер участкесінің ауданы 0,1 (нөл бүтін оннан бір пайыз) гектардан аспайды.

**Ескерту. 10-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.04.2015 № 70 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

11. Осы Ереженің 8, 9-тармақтарында көрсетілген негізгі құжаттаманың тізбесінен басқа, жылжымалы мүлікті кепілге қою нысанындағы қарыз алушының міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету талабымен берілген кредиттер бойынша кредиттік досыде мыналар қамтылады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оның тиісті уәкілетті органдарда тіркелгені туралы белгісі бар кепіл туралы шарттың көшірмесі (оның түпнұсқасы банктің ішкі құжаттарында белгіленген талаптар мен тәртіпте банктің қойmasында сақталуы тиіс);

2) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда жылжымалы мүлікке құқығын растайтын құжаттардың олардың мемлекеттік тіркелу туралы белгісі бар көшірмелері;

3) тәуелсіз бағалаушының кредитті беру сәтінде оның нарықтық құнын анықтайтын және дәлелдейтін кепілге берілген жылжымайтын мүлікті (ақшаны және бағалы қағаздарды қоспағанда) бағалау туралы есебі, сондай-ақ банктің ішкі құжаттарында белгіленген талаптарға сәйкес жасалған банктің кепілді қамтамасыз ету жөніндегі қорытындысы;

4) неке қию куәлігінің көшірмесі және қарыз алушы - жеке тұлғаның ерінің (зайыбының) жылжымалы мүлікті кепілге беруге және оны соттан тыс сатуға (Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда) келісімін растайтын құжат;

5) қорғаншы және қамқоршы органдарының жылжымалы мүлікті кепілге беруге және оны соттан тыс сатуға рұқсатын (келісімін) растайтын құжат (егер жылжымалы мүліктің иесі кәмелетке толмаған тұлғалар және сотта іс-әрекетке қабілетсіз (әрекет қабілеттілігі шектеулі) болып танылған тұлғалар болса).

АгроЕнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқаруши холдинг осы тармақтың 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды кредиттік досыеге құжаттарды куәландыру өкілеттіктеріне ие тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасын пайдалана отырып "ҚазАгро" ұлттық басқаруши холдингі " акционерлік қоғамының ақпараттық жүйесінің порталы арқылы енгізеді.

**Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2014 № 242 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

12. Кепілдік туралы шартқа сәйкес заемшының меншігіне өткеннен кейін кепілдіктің мәні болып отырған жылжитын мүлікті сатып алуға берілген кредиттер бойынша кредиттік досында осы мүліктің сатып алу бағасын растайтын құжаттар болуы тиіс.

13. Егер кредит құрылыш саласында, оның ішінде жылжымайтын

мүлікті қайта жаңарту немесе басқа құрылыштың жетілдірулер үшін заемшының - заңды тұлғаның қолдануы үшін берілсе, кредиттік досында жоспарланған жұмыстар бойынша жобалы-сметалық құжаттама және (немесе) жобалы-сметалық құжаттама негізінде жасалған, сметалық құнды көрсетіп, жоспарланған жұмыстардың негізгі параметрлері бар құжаттар және банк дайындаған тексерулер туралы есептер немесе кредит берілген жұмыстардың көлемі орындалғанын растайтын заемшының объектілерін қабылдау-өткізу актісі , құрылыш-монтаж жұмыстарын жүргізуге берілген тиісті рұқсат қоса беріледі.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.10.02 N 144, 2009.04.29 N 91 Қаулыларымен.**

13-1. Егер кредит жылжымайтын мүлікті жетілдірулер (жөндеу) саласында заемшының - жеке тұлғаның қолдануы үшін берілсе, кредиттік досында банк дайындаған тексерулер туралы есептер немесе кредит берілген жұмыстардың орындалу көлемін растайтын жылжымайтын мүлікті жетілдірулер (жөндеу) жүзеге асырылғанға дейін және жүзеге асырылғаннан кейін банктің объектілерді қарауының банк дайындаған актісі қоса беріледі. Егер кредит құрылыш және жылжымайтын мүлікті қайта жаңарту саласында заемшының - жеке тұлғаның қолдануы үшін берілсе, кредиттік досында жоспарланған жұмыстар бойынша жобалы-сметалық құжаттама және (немесе) жобалы-сметалық құжаттама негізінде жасалған, сметалық құнды көрсете отырып жоспарланған жұмыстардың негізгі параметрлері бар құжаттар және банк дайындаған тексерулер туралы есептер немесе кредит берілген жұмыстардың орындалу көлемін растайтын заемшының объектілерін қабылдау-өткізу актісі және құрылыш-монтаж жұмыстарын жүргізуге берілген тиісті рұқсат қоса беріледі.

**Ескерту. 13-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.10.02 N 144, 2009.04.29 N 91 Қаулыларымен.**

14. Міндеттемелерінің орындалуы кепілдік немесе кепілдеме бойынша қамтамасыз етілген кредит бойынша, оның ішінде кредит жөніндегі негізгі құжаттаманың тізбесіне қосымша ретінде банк кепілдігіне немесе банк кепілдемесіне, кредиттік досында мынадай қосымша құжаттар қосылады:

1) жіберілетін хабарламаның шынайылығы мен тұпнұсқалығын растауды қамтамасыз ететін байланыс арнасы бойынша алынған және халықаралық банк

практикасында қолданылатын электронды құжат түрінде берілген кепілдік, кепілдеме шарттары немесе кепілдік, кепілдеме шарттарының көшірмелері (олардың түпнұсқалары банктің ішкі құжаттарында белгіленген талаптар мен тәртіпте банктің қоймасында сақталуы тиіс);

2) заңды тұлғаның кепілдік иесінің немесе кепілдеме иесінің уәкілетті органының кредитор банкке заемшының міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету үшін кепілдік немесе кепілдеме беру туралы шешімі;

3) кепілдік иесі атынан кепілдік шартына қол қоюға немесе кепілдеме иесі атынан кепілдеме шартына қол қоюға тұлға өкілеттігін растайтын тиісті дәрежеде қол қойылған құжаттар;

4) салық декларациясының көшірмесін қоса бере отырып, кепілгердің немесе заңды тұлға-кепілдік берушінің қаржылық есептілігінің көшірмесі және (немесе) кепілгердің немесе заңды тұлға-кепілдік берушінің қаржылық жай-қүйін талдауға мүмкіндік беретін интернет-ресурстарда орналастырылған ақпарат;

5) кепілгердің немесе кепілдік беруші - жеке тұлғаның жалақысын және (немесе) басқа кірістерін көрсететін құжаттар;

6) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының кепілгердің немесе кепіл беруші - жеке тұлғаның жеке зейнетақы шотынан соңғы алты айға үзінді көшірмесі (міндетті зейнетақы жарналарын төлеуден босатылғанын растайтын құжаттар болған кезде Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын төлеуден босатылған жеке тұлға кепілгер немесе кепіл беруші болып табылатын жағдайда осы құжаттың болуы талап етілмейді);

7) кредиттік бюородан алынған кепілгер немесе кепілдік беруші туралы кредиттік есеп.

АгроОнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдинг осы тармақтың 4), 5), 6) және 7) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды кредиттік досыеге құжаттарды куәландыру өкілеттіктеріне ие тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасын пайдалана отырып "ҚазАгро" ұлттық басқарушы холдингі " акционерлік қоғамының ақпараттық жүйесінің порталы арқылы енгізеді.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2014 № 242 (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

14-1. Ислам банкінің сауда делдалы ретінде сауда қызметін қаржыландыруға берген коммерциялық кредиттері бойынша кредиттік досыеге Ереженің осы тарауда көрсетілген құжаттардан басқа, мынадай құжаттар қоса берілуі тиіс:

сатып алушының офертасы - тауарды сатып алушының коммерциялық кредит туралы шартты жасау жөніндегі ұсынысы;

ислам банкінің тауарды сатушымен жасаған сатып алу-сату шарты;  
ислам банкінің коммерциялық кредит туралы шартты жасаудың акцепті;  
коммерциялық кредит туралы шарттың осы Заңның 52-1-бабында көрсетілген талаптарға (осы Заңның 52-8-бабының 9-тармағында көзделген жағдайда) сәйкес келуі туралы исламдық қаржыландыру принциптері жөніндегі кеңестің қорытындысы.

**Ескерту. 14-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.29 N 91 Қаулысымен.**

14-2. Ислам банкінің занды тұлғалардың жарғылық капиталында қатысу жолымен және (немесе) серіктестік талаптарымен өндіріс және сауда қызметін қаржыландыруға берілген кредиттері бойынша кредиттік досьеге Ереженің осы тарауда көрсетілген құжаттардан басқа, мынадай құжаттар болуы тиіс:

серіктестік туралы шартты жасау мүмкіндігі туралы исламдық қаржыландыру принциптері жөніндегі кеңестің қорытындысы;

нотариат куәландаған құрылтай құжаттардың және занды тұлғаны құруға бағытталған серіктестік шартына негізделе құрылған занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаың 2009.04.29, немесе куәліктің көшірмелері.

**Ескерту. 14-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.29 N 91, езгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 26.04.2013 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

### **3-тарау. Кредит бойынша талап ету құқығын иелену жөніндегі құжаттаманы жүргізу тәртібі**

15. Егер банк кредит жөніндегі талаптарды иеленген болса, ақшалай талап етуге (факторинг) не ипотекалық куәлік құқығын беру фактісін тіркеуді басқаға бере отырып, қаржыландыру шартына қол қою сәтінен бастап банк бастапқы кредитордың кредиттік досьесін беру сәтіндегі бар барлық құжаттардың түпнұсқасын қосқандағы осы Ереженің талаптарына сәйкес ресімделетін кредиттік досыні ашады. Досьеге бастапқы кредитордың келісімі қоса берілуі тиіс.

16. Кредит бойынша талап ету құқығын басқаға берген банктің кредиттік досьесінде осы Ереженің 15-тармағында көрсетілген құжаттардан басқа мыналар болуы тиіс:

1) кредитті өтеу жөніндегі уақтылылығы және толықтығы туралы талаптар құқығын басқаға берген банктің жан-жақты есебі;

2) кредиттік қызмет көрсетеу талаптары туралы ережені (кредитті өтеу жөнінде төлемдер алу), сондай-ақ кредитті өтеу жөніндегі төлемдер туралы мәліметтерді және жазбаша құжаттарды өзара айырбастауды не ипотекалық қуәлікті қосқандағы кредит бойынша (факторинг) ақшалай талаптарды басқаға беру бойынша қаржыландыру шарты;

3) кепіл, кепілдік, заемшының осы кредит бойынша міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету жөніндегі бастапқы кредитордың өзге талаптарын басқаға беру туралы шарттар.

Банк ипотекалық қуәлікпен индоссамент негізінде кредит бойынша талап ету құқығын иеленген жағдайда, банк осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген талаптарға қатысты ол бойынша құқығын иеленген жағдайда осының алдындағы кредитормен жасалған жеке келісімді тиісті кредиттік досьеге қосады.

16-1. Егер банк банктің активтері мен міндеттемелерін басқа банкке (банктерге) бірмезгілде беру бойынша операцияны, оның ішінде Заның 61-2 және 61-4-баптарында көзделген, бас банк пен еншілес банк арасындағы активтер мен міндеттемелерді беру бойынша операцияны жүргізу шенберінде кредит бойынша талап ету құқығын иеленген жағдайда, банк активтер мен міндеттемелерді бірмезгілде беру туралы шартқа өткізу актісіне қол қойған күнінен бастап осы Ереженің талаптарына сәйкес ресімделетін кредиттік досьені ашады. Кредиттік досьеге өткізу сәтінде бастапқы кредитордың кредиттік досьесіндегі барлық құжаттардың түпнұсқалары қоса тіркеледі.

Кредиттік досьеде осы Ережеде көзделген құжаттар болмаған жағдайда, кредит бойынша талап ету құқығы берілген банк, сондай-ақ өзінің талап ету құқығын басқаға берген банк (бұрын еншілес банк болып табылған занды тұлға) уәкілетті орган белгілеген мерзімде, бірақ өткізу актісіне қол қойған күнінен бастап бір жылдан аспайтын мерзімде кредитті беру туралы шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін (егер кредитті беру туралы шарттың қолданылу мерзімі бір жыл ішінде аяқталса) оны осы Ереженің талаптарына сәйкес келтіреді

Ескерту. 16-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 08.05.2015 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

#### **4-тaraу. Банк басқаға берген талаптар бойынша құжаттама**

17. Банк кредит бойынша талаптарын басқаға берген жағдайда осы кредитке байланысты міндеттемелер бойынша ақшалай талап етуді басқаға беру (факторинг) бойынша барлық жасалған қаржыландыру шарттарын кредиттік досьеге қосады.

18. Банк кредит бойынша талаптарын басқаға берген жағдайда кредитті сенімгерлік басқару шарты бойынша кредитті жасау жөніндегі қызмет көрсетуді жалғастырады, осы банк кредит беру жөніндегі шарттың көшірмесін және кредитті одан әрі жасауға қызмет көрсету үшін қажетті басқа да құжаттарды досында қалдырады.

18-1. "Стрессті активтер қоры" акционерлік қоғамы екінші деңгейдегі банктердің күмәнді және үмітсіз талаптарын сатып алу мақсатында құратын арнайы қаржы компаниясымен (бұдан әрі – АҚК) жасалатын секьюритилендіру мәмілелері бойынша секьюритилендірілген кредиттер жөніндегі кредиттік досында осы Ереженің 8, 10, 11 және 13-тармақтарында көрсетілген негізгі құжаттама тізбесіне қосымша мынадай құжаттар болуы тиіс:

1) банктің және АҚК-нің арасында жасалған секьюритилендірілген кредиттер бойынша талап ету құқығын беру шарттың көшірмесі (оның түпнұсқасы банктің ішкі құжаттарында белгіленген талаптар мен тәртіпте банктің қоймасында сақталуы тиіс);

2) банктің және АҚК-нің арасында жасалған секьюритилендіру мәмілелері бойынша секьюритилендірілген кредиттердің портфелін сенімгерлік басқару шарттың көшірмесі (оның түпнұсқасы банктің ішкі құжаттарында белгіленген талаптар мен тәртіпте банктің қоймасында сақталуы тиіс).

**Ескерту. 18-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.11.30 N 241 Қаулысымен.**

## **5-тaraу. Заемшыларды ауыстыру жөніндегі құжаттама**

19. Заемшыларды ауыстыру бастапқы заемшының өз борышын басқа тұлғаға - жаңа заемшыға ауыстыру жөніндегі шарт арқылы, сондай-ақ кредит беру жөніндегі шартқа тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы ресімделеді.

20. Заемшылары ауысқан кредит бойынша кредиттік досында осы Ереженің 8-тармағында көрсетілген негізгі құжаттаманың тізбесінде толықтыру ретінде мынадай құжаттар болуы тиіс:

1) банктің борышты аударым жасауға келісім беру туралы заемшының және болжалданып отырған жаңа заемшының борышты басқа тұлғаға аударым жасаудың негіздемесі бар өтініші;

2) борышты аудару жөніндегі банктің жазбаша келісімі, сондай-ақ осының алдындағы және жаңа заемшылар арасында жасалған жазбаша келісім;

3) заемшыны ауыстыруды макұлдау туралы банктің уәкілетті органының шешімі;

4) осының алдындағы және жаңа заемшы қол қойған кредит беру жөніндегі шартқа енгізілген өзгерістер мен толықтырулар.

**Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.07.16. N 209 (ҚР ӘМ мем. тіркеуден өткізілген күннен бастап 14 күн откеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

21. Банк борышты аударым жасауға келісу туралы шешімді қабылдау үшін жаңа заемшының міндеттемелерді орындауын қамтамасыз етуге қатысты талаптарға байланысты кредиттік досыеге осы Ереженің 10-14-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкес жаңа заемшының атына ресімделген тиісті қосымша құжаттар қосылады.

## **6-тaraу. Банкке берілген кепілдіктер , кепілдемелер мен аккредитивтер бойынша құжаттар**

**Ескерту. 6-тaraудың атауына өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.10.02. N 144 Қаулысымен.**

22. Банк (банк операцияларының түрлерін жүзеге асыратын, банктік заем операцияларын жүргізуге лицензиясы бар үйымдарды қоспағанда) кепілдіктерді немесе кепілдемелерді борышкердің міндеттемелерді орындау жауапкершілігі туралы кредиторға жазбаша хабарлама жібере отырып, жазбаша нысандағы кепілдік немесе кепілдеме шарты түрінде ұсынады.

**Ескерту. 22-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.07.16. N 209 (ҚР ӘМ мем. тіркеуден өткізілген күннен бастап 14 күн откеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

23. Кепілдіктер мен кепілдемелер бойынша банк осы Ереженің 8-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 8), 9), 11), 14), 16), 18), 20), 22), 23), 24) тармақшаларында, 9-тармағының 2), 6) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоса беріп, досыені қалыптастырады, ол кепілдік немесе кепілдеме берілген тұлға борышын өтегенге дейін жүргізіледі.

**Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда, өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.10.02 N 144, 2009.11.30 N 241 Қаулыларымен.**

23-1. Банктің бухгалтерлік есебіндегі тиісті шоттарында ақша түрінде көрсетілген 100 пайыздық қамтамасыз етуі бар кепілдіктер, кепілдемелер мен аккредитивтер бойынша банк кепілдік, кепілдеме немесе аккредитив берілген тұлға борышын өтегенге дейін жүргізілетін, осы Ереженің 8-тармағының 1), 3), 6

), 11), 14), 16) тармақшаларында және 9-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген құжаттарды (банкте аталған құжаттар болған жағдайда - осы құжаттардың көшірмелерін) қоса беріп, досыні қалыптастырады.

**Ескерту. 23-1-тармақпен толықтырылды, өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.29 N 91, 2009.11.30 N 241 Қаулысымен.**

23-2. Меншікті рейтингі бар немесе Standart & Poor's агенттігі тағайындаған рейтингі бар немесе басқа халықаралық рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған үқсас деңгейдегі рейтингі бар немесе Қазақстан Республикасының резиденттер банктері үшін осы деңгейдегі немесе "B"-дан төмен емес рейтингі бар немесе Қазақстан Республикасының резидент еместер банктері үшін осы деңгейдегі немесе "A"-дан төмен емес рейтингі бар бас банктің рейтингі бар банк басқа банктің кепілдігіне (қарсы-кеңілдік) шығарған кепілдіктер бойынша кепілдік берілген тұлға борышын өтегенге дейін жүргізілетін, осы Ереженің 8-тармағының 1), 6), 8), 11) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды (банкте аталған құжаттар болған жағдайда - осы құжаттардың көшірмелерін) қоса беріп, досыні қалыптастырады.

**Ескерту. 23-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2011.04.01 № 32 ( қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.**

24. Кепілдік иесі немесе кепілдеме иесі болып табылатын банктің (банк операцияларының түрлерін жүзеге асыратын, банктік заем операцияларын жүргізуге лицензиясы бар үйымдарды қоспағанда) алдындағы борышкердің міндеттемелерін орындаудың қамтамасыз ету жағдайында кредиттік досынде өтелген кепілдіктерді және осы Ереженің 23-2-тармағында көрсетілген кепілдіктерді қоспағанда, осындай кепілдіктер мен кепілдемелер бойынша осы Ереженің 10-14-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкес ресімделген құжаттар болуы тиіс.

Аkkreditivtіk қамтамасыз етуге жасалған шарттарға сәйкес немесе кредиттік желі аясында шығарылған, жабылмаған аккредитивтер бойынша банк осы Ереженің 8-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 8), 9), 11), 14), 18), 20), 22), 23), 24) тармақшаларында көрсетілген құжаттар досынде міндетті түрде бар болуымен, кредиттік досынде үқсас құжаттамамен досыні қалыптастырады.

**Ескерту. 24-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.07.16. N 209 (ҚР ӘМ мем. тіркеуден өткізілген күннен бастап 14 күн откеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2008.10.02 N 144, 2009.04.29 N 91, 2009.11.30 N 241, 2011.04.01 № 32(қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулыларымен.**

## **7-тaraу. Кредиттік мониторинг бойынша құжаттама**

25. Банк әрбір заемши бойынша кредиттік досьеге мынадай құжаттарды қосады:

1) банк пен заемши арасындағы жазысқан хаттар;

2) соңғы есептік жыл бойынша қаржылық есептілігіне салық декларациясының көшірмесін және (немесе) заңды тұлға-заемшиның қаржылық жағдайы туралы талдау жасауға мүмкіндік беретін веб-сайттарда орналастырылған ақпаратты қоса беріп, заемшиның (тең заемшиның), кепілгердің немесе кепілдеме берушінің соңғы тоқсан және соңғы есептік жыл бойынша қаржылық есептілігінің көшірмесі;

3) уәкілетті орган белгілеген активтерді, шартты міндеттемелерді жіктеу және оларға қарсы провизияларды (резервтерді) құру тәртібіне сәйкес заемшиның (тең заемшиның), кепілдік иесінің (кепілдеме иесінің) қаржылық жай-күйін анықтау жөніндегі банктің ішкі әдістемесіне сай ұсынылатын заемшиның (тең заемшиның) қаржылық жай-күйін айқындауға мүмкіндік беретін қажетті құжаттар мен өзге ақпарат;

4) уәкілетті орган белгілеген активтерді, шартты міндеттемелерді жіктеу және оларға қарсы провизияларды (резервтерді) құру тәртібіне сәйкес банктің басқару органы бекітken осы әдістемемен белгіленген, бірақ тоқсанына бір реттен сирек емес мерзімде ұсынылатын тиісті коэффициенттер жиынтығы негізіндегі негізгі көрсеткіштер есебі бойынша, заемшиның, кепілдік иесінің (кепілдеме иесінің) қаржылық жай-күйіне баға берген банк қорытындысы.

"Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы Заңында белгіленген тәртіpte бухгалтерлік есепті жүргізуудің және қаржылық есептілікті жасаудың оңайлатылған нысанын қолданатын заемши - шағын кәсіпкерлік субъектілері бойынша банк оның қаржылық жай-күйіне кемінде жылына бір рет айналымдық капиталға берілген кредиттерді қоспағанда, берілген кредиттердің мақсатты қолданылуын қоса тексеретін мониторинг жүргізеді.

Кәсіпкерлік қызметпен байланысы жоқ заемшиның (тең заемшиның) - жеке тұлғаның қаржылық жай-күйінің мониторингі қызмет ету орны өзгерген кезде, сондай-ақ 30 күннен астам мерзімі өткен борыштары пайда болған сайын жүзеге асырылады.

Жүргізілген мониторинг нәтижелері кредиттік досьеге қоса тіркеледі;

5) кредитті қайтару жөніндегі төлемдердің тұрақтылығы мен толықтығын көрсететін құжаттар;

6) растаушы құжаттарды, оның ішінде тәуелсіз дерек көздерінен алынған, банктің ішкі саясатында көзделген мерзім мен тәртіп бойынша, бірақ кредит берілген кезден бастап әрбір келесі алты айда бір реттен кем емес құжаттарды қоса отырып, кепілдіктің рыноктық құнын анықтау жөніндегі мониторингтік есеп. Кредиттік досынде кепілдік негізі болып табылатын құрылыштар мен ғимараттарға, аяқталмаған құрылыш объектілеріне қатысты фото немесе бейне суреттерді қосқандағы оларды қарау құжаттарының болуы қажет;

6-1) 100 000 (жүз мың) айлық есептік көрсеткіштен (АЕК) асатын нарықтық құны бар жылжымайтын мүлік бойынша тәуелсіз бағалаушының жыл сайынғы есебі, сондай-ақ банктің ішкі құжаттарында белгіленген талаптарға сәйкес жасалған банктің кепілді қамтамасыз ету жөніндегі қорытындысы;

7) банктің жауапты қызметкері және заемши қол қойған заем ақшасын мақсатты қолданудың мониторингтік есебі, онда мыналар көзделеді:

заемши тауарды (жұмысты, қызмет көрсетуді) алғанын және клиенттерге овердрафт түрінде берілген заемдарды және жеке тұлғаларға берілген бірегей кредиттер үшін белгіленген сомада және талаптармен берілген, ұсынылған кредиттік лимиттермен төлем карточкаларын қоспағанда, кредитті беру туралы шартта көзделген басқа мақсаттарға жеткенін растайтын тиісті құжаттармен (шарттармен, қабылдау актілерімен, шот фактурамен, тауар құжаттамасымен және басқалармен) заем ақшасын, сондай-ақ бірыңғай кредиттер портфеліне бұрынырақ енгізіліп, кейіннен банктер үшін пруденциалдық нормативтер есеп айырысулатының әдістемесі бойынша уәкілетті органның талаптарына сәйкес бір заемшиға тәуекелді бағалау күніне есептелген, банктің меншікті капиталы шамасының 0,02 пайызынан аспайтын лимитінен асып кетуіне байланысты шығарылған кредиттерін қолдануға талдау;

алынған кредитті заемшиның борышын кері қаржыландыруға бағыттаған жағдайда, басқа банктерден алынған кредиттерді мақсатты қолдануды растайтын құжаттарға талдау. Осы талдауда кері қаржыландыратын кредитті қолданудың тиімділігі, кредиттің қайтымдығына болжам, кері қаржыландырудың мақсаттылығы көрсетіледі;

7-1) құрылтай құжаттарына немесе заемшиның жарғылық капиталындағы жай акцияларының (қатысу үлестерінің) соңғы меншік иегерлеріне дейінгі заемшиның жарғылық капиталындағы жай акцияларының (қатысу үлестерінің) он және одан астам пайызын иеленетін барлық үлес иегерлері туралы ақпаратты ашатын, заемшиның жай акцияларының бес және одан астам пайызын иеленетін, тоқсанына 1 (бір) реттен кем емес кезеңділікпен тігілетін акцияларды ұстаушылар тізіліміне енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың нотариатта куәландырылған көшірмелері. Заемшиның құрылтай құжаттарында немесе заемшиның жай акцияларының он және одан астам пайызын иеленетін

акцияларды ұстаушылар тізілімінде өзгерістер мен толықтырулар болмаған жағдайда, кредиттік досынде міндettі түрде заемшының осындағы өзгерістер мен толықтырулардың жоқ екендігі туралы хаты болуы тиіс;

8) кепілдікке алынған мүлікті сатқан сәтке дейін тоқсан күннен аспайтын мерзімде жасалған кепілдікке алынған мүлікті бағалау жөніндегі (оныңрыноктық құнын анықтайтын және дәлелдеп беретін) есеп.

Банк жеке досынде бағалау критерийлерін ашу арқылы ай сайынғы негізде уәкілді орган белгілеген активтерді, шартты міндettемелерді жіктеу және оларға қарсы провизияларды (резервтерді) құру тәртібіне сәйкес уәкілді органның активтерді, шартты міндettемелерді жіктеу және оларға қарсы провизияларды (резервтерді) құру тәртібіне сәйкес банктің тиісті бөлімшесінің заемшың жіктелім санатын анықтау туралы дайындаған қорытындысын сақтауды қамтамасыз етеді.

Егер кепілдік иесі немесе кепілдеме иесі Standart & Poor's агенттігінің "A"-дан төмен емес рейтингі немесе басқа халықаралық рейтинг агенттіктерінің бірінің осынан ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы үйымы болып табылатын болса, салық декларациясының көшірмесін ұсыну талап етілмейді.

**Ескерту. 25-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.10.02 N 144 , 2009.02.27. N 22 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қаранды), 2009.04.29 N 91, 2009.11.30 N 241, 16.07.2014 № 145 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.**

25-1. Ислам банкі исламдық қаржыландыру принциптері жөніндегі кеңестің қорытындысын кредит досынде қоса тіркейді.

**Ескерту. 25-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.29 N 91 Қаулысымен.**

26. Ақшалай талаптарды басқаға беру (факторинг) бойынша қаржыландыру шартының талаптарына сәйкес кредиттік қызмет көрсетіп отырған банктің кредитті қайтару жөніндегі төлемдерінің реттілігі мен толықтығын көрсететін құжаттаманы жүргізуі міндettі.

27. Банктің әлі жауапкершілігі басталмаған кепілдіктері бойынша осы Ереженің 25-тармағында (осы тармақтың 5), 6), 7), 8) тармақшаларын қоспағанда ) көрсетілген құжаттама жүргізіледі.

Осы Ереженің 25-тармағында белгіленген талаптар борышкердің міндettемесін орындағаны үшін жауапкершілік алған банктің кепілдіктері немесе кепілдемелері бойынша құжаттама жүргізу тәртібіне толық көлемде таратылады.

Жабылмаған аккредитивтер бойынша осы Ереженің 25-тармағының 1)-4), 6), 8) тармақшаларында көрсетілген мониторинг бойынша құжаттама жүргізіледі.

**Ескерту. 27-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.07.16. N 209 (ҚР ӘМ мем. тіркеуден өткізілген күннен бастап 14 күн откеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2008.10.02 N 144, 2009.11.30 N 241 Қаулыларымен.**

27-1. Банктің бухгалтерлік есебіндегі тиісті шоттарында ақша түрінде көрсетілген, ол бойынша жауапкершілігі әлі басталмаған 100 пайыздық қамтамасыз етуі бар кепілдіктер, кепілдемелер мен аккредитивтер бойынша, сондай-ақ осы Ереженің 23-2-тармағында көрсетілген кепілдіктер бойынша осы Ереженің 25-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген құжаттама жүргізіледі.

**Ескерту. 27-1-тармақпен толықтырылды, өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.04.29 N 91, 2009.11.30 N 241, 2011.04.01 № 32 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.**

28. Уәкілетті органның активтерді, шартты міндеттемелерді жіктеу және оларға қарсы провизияларды (резервтерді) құру тәртібімен белгіленген нормативтік құқықтық кесіміне сәйкес бірыңғай кредиттер портфеліне біріктірілген кредиттер мониторингі тиісті белгілері бойынша топталған бірыңғай кредиттер портфелінің әрбір түрі бойынша жүзеге асырылады. Банк тоқсанына бір реттен кем емес ретпен досыеге, мынадай есептері бар бірыңғай кредиттер портфелінің әрбір түрі бойынша портфельге талдау жасалғандығы туралы ақпаратты шектеусіз енгізеді:

1) осы портфель түрі бойынша есептелген провизиялар мөлшерінің өлшемін анықтау жөніндегі банктің уәкілетті органнының негізді және дәлелді шешімі;

2) кредитті қайтару жөніндегі төлемдердің тұрақтылығын және толықтырын көрсететін портфель бойынша есептер;

3) заемшылардың өз міндеттемелерін орындаған және тиісінше орындаған жағдайындағы банк қабылдаған шараларды қуәланышыратын есептер, құжаттар;

4) уәкілетті органның активтерді, шартты міндеттемелерді жіктеу және оларға қарсы провизияларды (резервтерді) құру тәртібімен белгіленген нормативтік құқықтық кесіміне сәйкес бірыңғай кредиттердің жіктеу санаты туралы мәліметтер;

5) портфельдің осы түріне енгізілген заемшылар тізімі;

6) банктің ішкі кредиттік саясатымен белгіленген басқа да құжаттар, есептер.

28-1. Банктің және АҚК-нің арасында жасалған сенімгерлік басқару шартының негізінде секьюритилендіру мәмілелері бойынша

секьюритилендірілген кредиттердің портфеліне біріктірілген кредиттердің мақсатты пайдаланылуына мониторингті жүзеге асыратын банк тоқсанына кем дегенде бір рет шектеусіз мынадай мәліметтер:

- 1) кредитті қайтару бойынша төлемдердің тұрақты және толық болуын көрсететін мониторинг есептері;
- 2) портфельге жүргізілген талдау және оның нәтижелері туралы ақпарат, оның ішінде жер участесін дамыту және (немесе) құрылыштың аяқталуы ескеріліп есептелген жылжымайтын мүлік объектісінің құрылышы жоспарын уақтылы іске асыру жөніндегі есеп;
- 3) банктің заемшылардың өз міндеттемелерін орындаған немесе тиісінше орындаған жағдайда қабылдаған шаралары жөнінде қуәландыратын есептер, құжаттар;
- 4) секьюритилендірілген кредиттер бойынша кредиттік тәуекелдің мөлшері туралы банктің қорытындылары, сондай-ақ провизияларды (резервтерді) есептеу туралы ақпарат;
- 5) секьюритилендірілген кредиттер бойынша заемшылардың тізімі;
- 6) секьюритилендірілген кредиттер бойынша қаражаттың мақсатты пайдаланылуы туралы тоқсан сайынғы есеп;
- 7) банктің ішкі кредиттік саясатында белгіленген басқа құжаттар, есептер кіретін, жүргізілген талдау туралы ақпаратты құжаттамалық тұрғыда ресімдейді және кредиттік досыеге кіргізеді.

Ескерту. 28-1-тармақпен толықтырылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.11.30 N 241 Қаулысымен.

## **8-тарау. Банктер синдикаты синдицилденген заемдарды бергенде құжаттама**

Ескерту. 8-тарау жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.10.02 N 144 Қаулысымен.

29. Банктер синдикаты синдикатталған қарызды беру кезінде осы Ереженің 8, 10, 11, 12, 13 және 14-тармақтарында көзделген кредиттеу жөніндегі құжаттама түпнұсқада агент-банкте және көшірмелер түрінде синдикатталған қарызға қатысушы банктерде сақталуға жатады.

Кепіл берушінің кепілге салынған мүлікке меншік құқығын (шаруашылық жүргізу, жедел басқару құқығын) растайтын құқық белгілеуші құжаттардың түпнұсқалары және қабылданған қамтамасыз ету бойынша басқа құжаттардың түпнұсқалары синдикатталған қарызға қатысушы банктердің бірінде,

синдикатталған қарызға қатысушы басқа банктерде - көшірмелер түрінде сақталады.

**Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.10.2015 № 200 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

30. Алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009.11.30 N 241 Қаулысымен.

31. Кредиттік мониторингті және осы Ереженің 25-тармағында көзделген кредиттік мониторинг бойынша құжаттаманы қалыптастыруды агент-банк жүзеге асырады, ол мониторинг есебінің көшірмелерін синдикатталған қарызға қатысушы барлық банктерге жібереді.

**Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 30.10.2015 № 200 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 23 акпаңдағы N 49 қаулысына  
2 қосымша

Күші жойылды деп танылатын нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердің кредиттеу жөніндегі құжаттаманы жүргізу ережелерін бекіту туралы" 1999 жылғы 16 тамыздағы N 276 қаулысы (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 904 тіркелген).

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердің кредиттеу жөніндегі құжаттаманы жүргізу ережелерін бекіту туралы" 1999 жылғы 16 тамыздағы N 276 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің кредиттеу жөніндегі құжаттаманы жүргізу ережелеріне өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 31 қаңтардағы N 15 қаулысы ( Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1424 тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқару және өзге мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде жарияланған, 2001 жыл, N 19, 389-құжат).

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердің кредиттеу жөніндегі құжаттаманы жүргізу ережесі туралы" 1999 жылғы 16

тамыздағы N 276 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2002 жылғы 1 тамыздағы N 279 қаулысы (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1965 тіркелген).

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 904 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктерді кредиттеу жөніндегі құжаттаманы жүргізу ережелерін бекіту туралы" 1999 жылғы 16 тамыздағы N 276 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 130 қаулысы (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2344 тіркелген).

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 904 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердің кредиттеу жөніндегі құжаттаманы жүргізу ережелерін бекіту туралы" 1999 жылғы 16 тамыздағы N 276 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" 2003 жылғы 4 тамыздағы N 287 қаулысы (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2476 тіркелген).

6. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 904 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердің кредиттеу жөніндегі құжаттаманы жүргізу ережелерін бекіту туралы" 1999 жылғы 16 тамыздағы N 276 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" 2004 жылғы 21 тамыздағы N 248 қаулысы (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3065 тіркелген).

7. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 904 тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердің кредит беру жөніндегі құжаттамасын жүргізу ережесін бекіту туралы" 1999 жылғы 16 тамыздағы N 276 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2004 жылғы 25 қыркүйектегі N 269 қаулысы (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3193 тіркелген, 2005 жылғы 9 қыркүйекте "Юридическая газета" газетінде жарияланған N 165-166 (899-900)).